

**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі мен Тәжікстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Кеден комитетінің арасындағы шекаралар арқылы заңсыз тасымалданатын мәдени құндылықтарды ұстау және қайтару мәселелері жөніндегі ынтымақтастық және өзара көмек туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 18 қараша N 1734

Қазақстан Республикасының Үкіметі **қаулы етеді:**

1. 2000 жылғы 13 маусымда Душанбе қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі мен Тәжікстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Кеден комитетінің арасындағы шекаралар арқылы заңсыз тасымалданатын мәдени құндылықтарды ұстау және қайтару мәселелері жөніндегі ынтымақтастық және өзара көмек туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі мен Тәжікстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Кеден комитетінің арасындағы шекаралар арқылы заңсыз тасымалданатын мәдени құндылықтарды ұстау және қайтару мәселелері жөніндегі ынтымақтастық және өзара көмек туралы КЕЛІСІМ**

*(2000 жылғы 30 қарашада күшіне енді - СИМ-нің ресми сайты)*

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі мен Тәжікстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Кеден комитеті, мәдени құндылықтардың заңсыз әкелінуі, әкетілуі және транзиті, оны қорғауға кеден және мемлекеттің өзге құзыретті органдары қорғауға міндетті халықтың мәдени байлығына нұқсан келтіретінін атай отырып, мына төмендегілер туралы келісті:

## **1-бап**

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігінің атынан осы Келісімнің ережелерін жүзеге асыру жөніндегі құзыретті орган Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті болып табылады.

Тәжік Тарапынан осы Келісімнің ережелерін іске асыру жөніндегі уәкілетті орган Тәжікстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Кеден комитеті болып табылады.

Жоғарыда аталған уәкілетті органдардың атаулары немесе функциялары өзгерген кезде Тараптар дипломатиялық арналар бойынша уақтылы хабарланатын болады.

## **2-бап**

Тараптар мемлекеттерінің мемлекеттік шекаралары арқылы мәдени құндылықтардың заңсыз тасымалдануымен күресті күшейтуге ұмтылады.

## **3-бап**

Мәдени құндылықтар Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңдарында қарастырылған жағдайларда осы мемлекеттерден әкетуге рұқсаттар бойынша әкетілуі мүмкін.

Осы Келісім бойынша мәдени құндылықтар түсінігі әр Тараптың ұлттық заңдарына сәйкес анықталады.

## **4-бап**

Мәдени құндылықтарды әкетуге рұқсатты әкету жүзеге асырылатын аумақ мемлекетінің уәкілетті органдары береді.

Тараптар рұқсат бланкілері үлгілерінің қажетті санымен және олар расталатын мөрлердің бедерлемелерімен алмасады.

## **5-бап**

Мәдени құндылықтарды тасымалдаушы жеке тұлғалар немесе заңды тұлғалардың өкілдері өздерінде осындай құндылықтардың барлығы туралы хабарлауы және кедендік бақылау үшін әкетуге рұқсаттармен бірге көрсетуге тиіс.

Мәдени құндылықтарды әкетуге рұқсаттар болмаған кездерде соңғылары тоқтатылады және олар туралы осы құндылықтар әкетілген аумақ мемлекеті Тараптарының біріне дереу хабарланады. Осындай жағдайларда, мәдени құндылықтарды әкетуге рұқсаттар көрсету үшін екі айдан аспайтын мерзім белгіленеді.

## **6-бап**

Т а р а п т а р :

- әкетуге рұқсаттарымен алып жүрілмеген, ұсталған мәдени құндылықтарды әкетілген мемлекетке қайтаруды;
- мәдени құндылықтарды заңсыз тасымалдау үшін ұсталған тұлғаларды жауапқа тартқан жағдайларда, осы құндылықтарды әкетілген мемлекетке қайтару аталған тұлғалардың жауапкершілігі туралы шешім заңды күшіне енгеннен кейін жүргізуді;
- қайтарылатын мәдени құндылықтарды тапсыру мен қабылдау үшін өздерінің



Осы Келісім күшіне енгеннен кейін екі ай барысында Тараптар олардың мемлекеттерінде мәдени құндылықтарды әкелудің тәртібін анықтайтын нормативтік құқықтық актілердің көшірмелерімен алмасады және келешекте осы нормативтік құқықтық актілердегі барлық өзгерістер туралы жүйелі түрде хабарлап тұрады.

### 13-бап

Осы Келісімнің ережелері Тараптардың басқа халықаралық шарттарға сәйкес қабылданған міндеттемелерін қозғамайды.

### 14-бап

Осы Келісім Тараптардың бір-біріне дипломатиялық каналдар бойынша Келісімнің күшіне енуін қамтамасыз ететін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы хабарлағаннан кейін күшіне енеді және 5 жыл бойы қолданылады, одан кейін, егер Тараптардың бірде-бірі тиісті мерзімге алты ай қалғанда оның қолданылуын тоқтату туралы өзінің ниетін жазбаша нысанда мәлімдемесе, ол автоматты түрде келесі 5 жылға ұзартылады.

1999 жылғы 13 маусымда Душанбе қаласында қазақ, тәжік және орыс тілдерінде жасалды, әрі бұл ретте барлық мәтіндер бірдей болып табылады.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру қажет болған кездерде орыс тіліндегі мәтін негізге алынады.

*Қазақстан Республикасы*  
*Мемлекеттік кіріс министрлігінің*  
*Кеден атынан* *комитетінің атынан*

*Тәжікстан Республикасы*  
*Үкіметінің жанындағы*

*М а м а н д а р :*  
*Б а г а р о в а Ж . А .*

Икебаева А.Ж.